



2025-2026 оқу жылының әдістемелік кеңес жоспары

Әдістемелік кеңестің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға бағыт-бағдар беру және инновациялық педагогикалық тәжірибелерді енгізу.

Әдістемелік кеңестің басты міндеттері:

- Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын ұйымдастыру;
- Педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру, тәжірибе алмасу алаңын құру;
- Оқу-тәрбие құжаттарын жүйелеу және заманауи талаптарға сай жүргізу;
- Цифрлық трансформация, инновациялық технологиялар мен ЖИ (AI) құралдарын енгізуді үйлестіру;
- Балалардың дамуын, бейімделуін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын қарастыру;
- Ата-аналармен тиімді ынтымақтастық пен серіктестікті нығайту.

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауапты
1	№1 отырыс Тақырыбы: "Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа оқу жылына дайындық" 1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру: • перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг; • өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; • электронды портфолио жинақтау. 2. Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы. 3. Жанадан келген балалардың бейімделуін онлайн және оффлайн әдістермен ұйымдастыру. 4. Ата-аналармен цифрлық байланыс (чат-боттар, мобильді қосымшалар). 5. Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары. 6. Ағымдағы мәселелер.	Қыркүйек	Әдіскер Бейсенбаева Б.Ж. Педагог-психолог Баимбетова М.С.
2	№ 2 отырыс Тақырыбы: "Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті	Қараша	

	<i>технологияларды енгізу"</i> Мақсаты: педагогикалық ұжымның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын цифрлық құралдар арқылы белгілеу. 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы. 3. «Әдістемелік құрал жазуда қандай нейрожелі түрлерін қолданамын?» талқылау. 4. Авторлық бағдарламаны сараптамадан өткізу тәртібі туралы.		Әдіскер Бейсенбаева Б.Ж., тәрбиешілер, педагогтар
3	№ 3 отырыс Тақырыбы: <i>"Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру: балалардың ой-өрісін дамыту"</i> Мақсаты: Халық қазынасын және этнопедагогика элементтерін заманауи цифрлық құралдармен біріктіріп, балалардың дүниетанымын кеңейту. 1. «Балалардың ой-өрісін этномәдениет пен мультимедиялық технология арқылы дамыту» тәжірибесі. 2. 2025–2026 оқу жылы I жартыжылдықтағы негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуына талдау (диагностика). 3. Әртүрлі мәселелер.	Қаңтар	Әдіскер Бейсенбаева Б.Ж. тәрбиешілер, педагогтар
4	№ 4 отырыс Тақырыбы: <i>"Цифрлық педагогика және оқу жылының қорытындысы"</i> 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп (электронды форматта). 3. Мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына талдау (диагностика). 4. «Инновациялық топ» байқауының қорытындысы. 5. «Жылдың цифрлық тәрбиешісі» марапатын табыстау. 6. Мамандардың жұмысын талдау. 7. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау. 8. Тәлімгерлердің жұмысы бойынша есеп. 9. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту.	Мамыр	Әдіскер Бейсенбаева Б.Ж. тәрбиешілер, педагогтар

№1 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа оқу жылына дайындық»
Өткізілген күні: 2025ж. қыркүйек айы
Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кеңес бөлмесі
Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог, музыка жетекшісі

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру:
 - Перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
 - Өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
 - Электронды портфолио жинақтау.
2. Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы.
3. Жаңадан келген балалардың бейімделуін онлайн және оффлайн әдістермен ұйымдастыру.
4. Ата-аналармен цифрлық байланыс (чат-боттар, мобильді қосымшалар).
5. Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары.
6. Ағымдағы мәселелер.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Бейсенбаева Б.Ж. сөз сөйледі. Жаңа оқу жылына дайындық барысы жан-жақты түсіндірілді. Педагогикалық құжаттарды цифрлық форматта жүргізудің маңызы ерекше екендігі атап өтілді. Әсіресе перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг кестелері енді электронды түрде толтырылып, сақталуы тиіс екендігі түсіндірілді. Бұл әдіс уақытты үнемдеуге, құжаттарды реттеуге, педагогтардың жұмысын жеңілдетуге және білім сапасын арттыруға ықпал ететіні айтылды. Сондай-ақ әр педагог өзіндік білім көтеру тақырыбын анықтап, жеке даму жоспарын құрып, электронды портфолиосын жинақтауы қажет екендігі ескертілді. Электронды портфолио педагогтың кәсіби дамуының айқын көрсеткіші болатынына тоқталды.

Тындалды:

Екінші мәселе бойынша тәрбиешілердің пікірлері. Тәрбиешілер өзара тәжірибе алмасу, ҰІӨ-ге (ұйымдастырылған іс-әрекетке) қатысу педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруға көмектесетіні туралы ой бөлісті. Бір-бірінің

сабағына қатысып, әдіс-тәсілдерін көріп, тиімді тұстарын қолданудың пайдалы екенін айтты. Бұл өз кезегінде шығармашылық ізденісті дамытып, педагогтардың бір-біріне қолдау көрсетуіне жағдай жасайтыны атап өтілді.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша Психолог Баимбетова М.С. сөзі. Жаңадан келген балалардың балабақшаға бейімделуі – оқу жылының басты міндеттерінің бірі екендігі айтылды. Бұл үрдісті тиімді ұйымдастыру үшін онлайн (ата-аналар чаттары, бейнекеңестер, электронды сауалнамалар) және оффлайн (жеке әңгіме, ойын жаттығулары, топтық серуен, бейімдеуші сабақтар) әдістерді қатар қолданудың маңызы түсіндірілді. Психолог балалардың эмоционалды жай-күйін бақылау, ата-аналарға кеңес беру және бейімделу кезеңінде баланың өзін жайлы сезінуіне көмектесетін практикалық жаттығулар ұсынды.

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша музыка жетекшісі Талипов М.П. сөзі. Балалардың жан-жақты дамуы үшін ата-анамен үздіксіз байланыста болу қажеттігі айтылды. Бұл бағытта мобильді қосымшаларды, чат-боттарды, мессенджер топтарын пайдалану тиімді екендігіне тоқталды. Ата-аналарға күнделікті ақпарат беріп отыру, баланың жетістіктерін бөлісу, түрлі хабарламаларды жылдам жеткізу – цифрлық байланыс құралдары арқылы әлдеқайда жеңіл болатыны айтылды. Сонымен қатар музыка жетекшісі балалардың шығармашылығын дамытудағы ата-ана ынтымақтастығын жетілдірудегі, ата-ананың қолдауын, цифрлық орта арқылы ұйымдастырудың жолдарын ұсынды.

Тыңдалды:

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Бейсенбаева Б.Ж. сөз сөйледі. Мектепке дейінгі мекемеде заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану жолдары түсіндірілді. Атап айтқанда:

- балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған арнайы қосымшаларды пайдалану;
- Quiver – балалардың суреттерін AR (қосымша шындық) арқылы жандандырып, қиялын дамыту;
- Merge Cube – 3D үлгілерді қарау арқылы танымдық қызығушылықты арттыру;
- ойын платформалары арқылы (Umaigra және т.б.) баланың логикалық ойлауын, тілін дамыту.

Жасанды интеллект технологиялары балалардың қызығушылығын оятып, оқу-тәрбие процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік беретініне баса назар аударылды.

Қаулы қабылданды:

1.Педагогтар 2025–2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг құжаттарын электронды түрде толтырсын.
Әр педагог өзіндік білім көтеру тақырыбы мен жоспарын әдіскерге ұсынып, бекітсін.

Электронды портфолио жинақтау жұмыстарын қазан айына дейін аяқтау.

2. Педагогтар өзара ҰІӨ-ге қатысып, тәжірибе алмасуды жалғастырсын.

3. Жаңадан келген балалардың бейімделуі үшін онлайн және оффлайн әдістерін қатар қолдану ұсынылсын.

4.Ата-аналармен цифрлық байланыс жүйесін жетілдіру: чат-боттар, мобильді қосымшаларды пайдалану.

5. Ғәдіскер мен педагогтар жасанды интеллект технологияларын тәжірибеге енгізу жолдарын қарастырсын.

6. Ағымдағы мәселелер бойынша жеке жауаптылар бекітілсін.

Әдістемелік жөніс төрайымы:

Хатшы: Маржан-Ана Токбаева М.К.

Бейсенбаева Б.Ж.



№2 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: «Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу»

Өткізілген күні: 2025 ж. қараша айы

Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кеңес бөлмесі

Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог, музыка жетекшісі

Мақсаты:

Педагогикалық ұжымның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын цифрлық құралдар арқылы белгілеу.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы.
2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы.
3. «Әдістемелік құрал жазуда қандай нейрожелі түрлерін қолданамын?» талқылау.
4. Авторлық бағдарламаны сараптамадан өткізу тәртібі туралы.

Тыңдалды:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы

Сөйлеген: Әдіскер Бейсенбаева Б.Ж.

Әдіскер өткен кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысын талдады.

Педагогтардың цифрлық форматта құжат жүргізу, перспективалық жоспар, циклограмма және мониторингті электронды түрде толтыру жұмыстарының жүйеленіп келе жатқаны атап өтілді.

Сондай-ақ электронды портфолио жинақтауда белсенділік танытқан педагогтар атап өтілді.

Жаңадан келген балаларды бейімдеу жұмыстары онлайн және оффлайн әдістермен қатар жүргізілгені айтылды.

Тыңдалды:

2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы

Сөйлеген: Тәрбиешілер, музыка жетекшісі, педагог-психолог.

Педагогтар өздерінің жұмыс бағыттарына байланысты қолданатын цифрлық және интерактивті технологиялармен бөлісті:

Педагог	Тақырыбы	Қолданған цифрлық құрал	Нәтижесі
Тәрбиеші	«Тіл дамытуда суретті AR қолдану»	Quiver, Umaigra	Балалардың сөздік қоры мен қиялы дамыды
Психолог	«Эмоциялық жай-күйді бақылау»	Metea Kids, Edpuzzle	Бейімдеу кезеңі жеңілдеді
Музыка жетекшісі	«Музыкалық импровизация»	Voicemod Kids	Әуенді сезінуі қалыптасты

Барлық педагогтар цифрлық құралдардың балалардың оқу мотивациясын арттыратынын атап өтті.

Тыңдалды:

3. «Әдістемелік құрал жазуда қандай нейрожелі түрлерін қолданамын?»

Сөйлеген: Әдіскер Бейсенбаева Б.Ж.

Әдіскер педагогтардың авторлық әдістемелік құрал, бағдарламалар, циклограммалар мен педагогикалық жобалар әзірлеу барысында нейрожелі технологияларын тиімді қолдану мүмкіндіктерін түсіндірді. Нейрожелілерді пайдалану педагогтың уақытын үнемдеуге, материалдың құрылымын жүйелеуге, мәтін сапасын арттыруға, сондай-ақ көрнекілік және интерактив элементтерді жылдам әзірлеуге мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Әдіскер әрбір педагогтың цифрлық сауаттылығын арттыру маңызды екенін және нейрожелілерді педагогикалық мақсатқа сай саналы қолдану қажет екенін ерекше атап өтті.

Құрал	Қолдану мақсаты	Мүмкіндіктері
ChatGPT (GPT-5)	Мәтін құрылымдау, әдістемелік бөлімдер жазу, талдау жасау	Тақырыптық жоспар, кіріспе, қорытынды, әдістемелік нұсқаулықтарды автоматты құрастырады; баланың жас ерекшелігіне сай мазмұн дайындайды
Claude	Мәтінді ғылыми тілге келтіру, әдеби	Авторлық стильді сақтай отырып, мәтінді сауатты, түсінікті және

Құрал	Қолдану мақсаты	Мүмкіндіктері
	редакциялау	әдістемелік талаптарға сай қалыпқа келтіреді
Canva AI	Титул бет, инфографика, презентация, кесте әзірлеу	Дизайнды тез және сапалы дайындауға мүмкіндік береді; әдістемелік материалдарды көрнекі етеді
Midjourney / Kandinsky	Балаларға арналған иллюстрация, көрнекілік материалдар әзірлеу	Қазақы нақыштағы, мультстильдегі, эмоциялық түрде қабылдауға жеңіл авторлық суреттер жасайды
Veo 3 / Pika Labs	Қысқа мультфильмдер, бейне-презентациялар, анимациялық оқиғалар құрастыру	Сабак барысын эмоционалды-коммуникативтік тұрғыда қолдайды; баланың қызығушылығын арттырады

Әдіскер нейрожеліні тек көмекші құрал ретінде қарастыру керектігін, дайын ақпаратты толық күйінде қабылдамай, педагог тарапынан мазмұндық сүзгіден өткізу, бейімдеу және педагогикалық талаптарға сәйкестендіру керектігін атап өтті.

Сонымен бірге авторлық әдістемелік материал дайындау кезінде:

- әдеп нормаларын сақтау;
- ақпараттың дұрыстығын тексеру;
- баланың жас ерекшелігіне сәйкес бейімдеу;
- ұлттық құндылықтар контекстін сақтау қажеттігі ескерілді.

Қорытынды

ұсыныс:

Педагогтарға ай сайын цифрлық шеберлік сағаты ұйымдастырылып, нейрожеліні қолдану бойынша тәжірибе алмасу жүргізілсін.

Нейрожелі құралдарын мақсатқа сай, саналы және педагогикалық талаптарға сәйкес қолдану ұсынылды.

4. Авторлық бағдарламаны сараптамадан өткізу тәртібі туралы

Сөйлеген: Әдіскер Бейсенбаева Б.Ж.

Әдіскер педагогтер әзірлейтін әдістемелік құралдар мен авторлық бағдарламалардың балабақша әдістемелік кеңесінде және ППО (педагогикалық бірлестік) сараптауынан өту тәртібі туралы ақпарат берді.

Авторлық бағдарлама мазмұны ғылыми-әдістемелік негізге, бала жас ерекшелігіне сай болуы және практикалық қолданысы айқын болуы керектігі түсіндірілді.

Бағдарламаны сараптамаға ұсынғанда келесі құжаттар қоса тапсырылады:

- авторлық бағдарлама мәтіні (Word форматында);
- түсіндірме хаты;
- қолданылатын әдебиеттер тізімі;
- апробация немесе тәжірибеге енгізу дәлелі;
- педагогтың электронды портфолиосында тіркелген нұсқасы.

Сараптау барысында:

- мазмұнның толықтығы;
- әдістемелік құрылымның дұрыстығы;
- педагогикалық мақсатқа сәйкестігі;
- қолдану тиімділігі бағаланады.

Сараптама нәтижесі хаттамада көрсетіліп, бағдарлама бекітіліп немесе ұсынылады.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Педагогтар әдістемелік құрал және авторлық бағдарламалар әзірлеу барысында цифрлық және нейрожелі технологияларын мақсатты қолдансын.
2. Әдістемелік құрал жазуда ChatGPT, Claude, Canva AI, Midjourney, Veo 3 секілді нейрожелі құралдарын педагогикалық талапқа сәйкестендіре отырып қолдану ұсынылсын.
3. Авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды сараптамаға ұсыну және бекіту тәртібін сақтау міндеттелсін.
4. Әдіскер педагогтарға ай сайын цифрлық шеберлік (Digital Skills) консультациясын ұйымдастырсын.
5. Педагогтар 2025–2026 оқу жылы ішінде кемінде 1 авторлық цифрлық жоба немесе әдістемелік құрал әзірлесін.

Әдістемелік кеңес төрайымы **Маржан-Анне Жанбаева Б.Ж.**

Хатшы: **Төкбаева М.К.**

